

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Ж.Қ.АСАНОВҚА**

*Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, А.Байтұрсынов көшесі
М.Орынтаевадан*

А Л Ғ Ы С Х А Т

Құрметті Жақып Қажыманұлы!!!

Мен, зейнеткер Орынтаева Мариямкуль Сізге Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасы судья Ә.Шығамбаевпен судьялар Ж.Оспанова мен Н.Өміртайұлына бүтіндей отбасымызбен айтар алғысым шексіз екендігімді жеткізім келіп отыр.

Аталған судьялар өз істерінің нағыз дұп шеберлері, әділдікпен заңдылықты алдыға тартқан, нағыз судьялыққа лайықты жандар десем еш артық айтқаным болмас.

Себебі, азаматтық ісімді қарау барысында аталған судьялар Қызылорда облысы, Қазалы аудандық сотының судьясы Д.Н.Абдикалыковтың 26 қараша 2018 жылғы заңды белшесінен басып, менің Конституциялық құқықтарымды таптай отырып, азаматтық ісім бойынша қаншама рет бір біріне қайшы келетін, сыбайлас жемқорлықпен сыпаттасқан құйтұрқы әрекетімен қабылдаған шешімдерін жоққа шығарып, қабылдаған шешімнің күшін жойып 2019 жылдың 13 ақпан күні ісім бойынша жалғыз дұрыс заңды, әрі әділ шешім қабылдаған болатын.

Осы шешім өзіңіз басқарып отырған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасында 2021 жылғы 10 қыркүйек күні кассациялық тәртіпен қаралып өз қолдау тауып, күшінде қалдырылды.

Расында қазіргі таңда қоғамымызда соттардың тарапына айтылып жатырған сын-ескертпелер жетерлік, әрине оған себеп Д.Абдикалыков секілді әділетсіз заңсыз шешім шығаратын судьялар екені бәрімізге мәлім, дегенмен өз антарына берік, әділдікпен заңдылықты алдығы қатарға қоятын Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот

алқасы судьялары Ә.Шығамбаев, Ж.Оспанова мен Н.Өміртайұлы секілді әділ соттардың арқасында сот жүйесіне деген сенім оралады. Осы әділдікті алдыға тартып, қоғам арасында сот жүйесіне деген сенімді артыруда ерен еңбек етіп жүрген судьялардың еңбектері елеусіз қалдыру жөн болмас.

Сол себепті өзімнің және толықтай отбасым, туыс тумаларымның атынан шын жүректен **АСА ҚҰРМЕТТІ Қызылорда облыстық сотының судьялары Ә.Шығамбаев, Ж.Оспанова және Н.Өміртайұлына** өздеріне және отбастарына бақыт, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, әр бір істеріне игілік тілей отырып, келе жатырған Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсанында мемлекеттілігімізбен тәуелсіздігіміздігін шындайтын шегесінің бірі, әділдік туын көтеріп сот жүйесінің мәртебесін көтеріп жүрген аталған судьяларды мемлекеттік деңгейде марапаттауға ұсынуыңызды өтініп сұраймыз.

Құрметті Ж.Асанов Мырза өзіңіз әділдікті жаны сүйетін жан деп біле отырып, өтінішімізді қалыс қалдырмайтындығыңызға сенімдіміз.

Ізгі құрметпен, зейнеткер М.Орынтаева және барлық тума-туыстары.

Алғыс білдіруші



М.Орынтаева

21.10.2021 жыл